

Жаңақала аудандық мәслихатының "Тіркелген бірыңғай салық ставкасын бекіту туралы" 2009 жылғы 24 ақпандағы N 10-3 шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Жаңақала аудандық мәслихатының 2009 жылғы 20 сәуірдегі N 11-4 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 14 мамырда N 7-5-87 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жаңақала аудандық мәслихатының 2010 жылғы 23 ақпандағы N 19-4 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жаңақала аудандық мәслихатының 2010.02.23 N 19-4 Шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңын басшылыққа ала отырып, аудандық Мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. "Тіркелген бірыңғай салық ставкасын бекіту туралы" Жаңақала аудандық Мәслихатының 2009 жылғы 24 ақпандағы N 10-3 шешіміне (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-5-84 тіркелген, 4 сәуір 2009 жылғы "Жаңарған өңір" газетінде жарияланған) толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген шешімнің 2-тармақтағы "кесімдерді" деген сөзден кейін "мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-5-60 тіркелген" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

Ш. И. Абуғали

Р. А. Саматов